

Борбасова Г.Н.^{*1} , Камзанова А.Т.¹ , Жолдасова М.К.¹ , Кустубаева А.М.¹ 

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан)

*e-mail: gulnur840401gmail.com

«Танымға деген қажеттілік шкаласының» қазақ тілді нұсқасын бейімдеу

Аңдатпа

Бұл мақала Джон Качиоппо мен Ричард Петтидің «Танымға деген қажеттілік шкаласын» (The Need for Cognition Scale; NCS) қазақ тіліне бейімдеу және оның валидтілігі мен сенімділігін бағалауға арналған. Зерттеуге Алматы қаласының 17–55 жас аралығындағы 187 тұрғыны қатысты. Қазақ тілді іріктеу тобына қатыстыру критерийі – қатысушының орта мектепті қай тілде аяқтағаны. Ғылыми зерттеу жүргізу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Медицина және денсаулық сақтау факультетінің жергілікті этикалық комитетінен ресми рұқсат алынды. Зерттеудің негізгі мақсаты – «Танымға деген қажеттілік шкаласының» қазақ тіліндегі нұсқасын жергілікті популяцияға бейімдеу және алынған мәліметтерді психофизиологиялық зерттеулер барысында, соның ішінде ми құрылымының дамуы мен қартаюы, когнитивтік функциялар және генетикалық маркерлер арасындағы байланыстарды талдауда қолдану. Сауалнама деректерін өңдеу IBM SPSS 23 бағдарламасында жүргізілді. Альфа-Кронбах коэффициенті есептеліп, ішкі үйлесімділік пен валидтілік көрсеткіштері талданды. Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі NCS нұсқасының ішкі келісімділік деңгейі қолайлы екенін көрсетті. Алынған альфа-Кронбах коэффициентінің мәні шкаланы әрі қарай ғылыми зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: танымға деген қажеттілік, нейропсихология, интеллектуалды дарындылық, альфа-Кронбах, когнитивтік мотивация.

¹Борбасова Г.Н., ^{*1} Камзанова А.Т., ¹ Жолдасова М.К., ¹ Кустубаева А.М.

¹Казахский национальный университет им.Аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

*e-mail: gulnur840401gmail.com

Адаптация казахоязычного варианта «шкалы потребности в познании»

Аннотация

Данная статья посвящена адаптации на казахский язык «Шкалы потребности в познании» (The Need for Cognition Scale; NCS), разработанной Джоном Качиоппо и Ричардом Петти, а также оценке её валидности и надежности. В исследовании приняли участие 187 жителей города Алматы в возрасте от 17 до 55 лет. Критерием включения в казахоязычную выборку являлся язык обучения в средней школе. Для проведения научного исследования было получено официальное разрешение локального этического комитета факультета медицины и здравоохранения Казахского национального университета имени аль-Фараби. Основная цель исследования – адаптировать казахоязычную версию «Шкалы потребности в познании» для локальной популяции, а также использовать полученные данные в психофизиологических исследованиях, включая анализ связей между развитием и старением структур мозга, когнитивными функциями и генетическими маркерами. Обработка данных опросника проводилась в программе IBM SPSS 23. Был рассчитан коэффициент альфа-Кронбаха, проведен анализ внутренней согласованности и валидности шкалы. Результаты исследования показали, что казахоязычная версия NCS обладает удовлетворительным уровнем внутренней

согласованности. Полученное значение альфа-Кронбаха позволяет использовать шкалу в дальнейшем научном исследовании.

Ключевые слова: потребность в познании, интеллектуальная одарённость, альфа-Кронбах, когнитивная мотивация.

¹Borbasova G.N.,* ¹Kamzanova A.T. ¹Zholdassova M.K. ¹Kustubayeva A.M.

¹ Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

*e-mail: gulnur840401gmail.com

Adaptation of the kazakh-language version of the scale of the need for cognition

Abstract

This article focuses on the adaptation of the “Need for Cognition Scale” (NCS), developed by John Cacioppo and Richard Petty, into the Kazakh language, as well as the assessment of its validity and reliability. The study involved 187 residents of Almaty aged 17 to 55. The inclusion criterion for the Kazakh-speaking sample was the language in which participants completed secondary school. Official approval for conducting the research was obtained from the local ethics committee of the Faculty of Medicine and Healthcare at Al-Farabi Kazakh National University. The main aim of the study was to adapt the Kazakh-language version of the “Need for Cognition Scale” for the local population and to apply the obtained data in psychophysiological research, including the analysis of relationships between brain development and aging, cognitive functions, and genetic markers. Survey data were processed using IBM SPSS 23. Cronbach’s alpha coefficient was calculated, and the internal consistency and validity indicators were examined. The results demonstrated that the Kazakh-language version of the NCS shows an acceptable level of internal consistency. The obtained Cronbach’s alpha value indicates that the scale can be reliably used in further scientific research.

Keywords: need for cognition, intellectual giftedness, Cronbach’s alpha, cognitive motivation.

Кіріспе. Адамның тұлғалық және кәсіби дамуы, сондай-ақ ғылым, мәдениет және техника салаларындағы елеулі жетістіктер көбіне оның зияткерлік әлеуетімен анықталады. Интеллектуалды дарындылық феномені бойынша жүргізілген зерттеулер негізінен когнитивтік қабілеттер мен академиялық жетістіктерге бағытталған. Интеллект деңгейі ақыл-ой іс-әрекетінің табыстылығын болжауда маңызды параметр ретінде қарастырылғанымен, тәжірибеде интеллекттің жоғары болуы әрқашан жоғары нәтижелерге қол жеткізудің кепілі бола бермейді. Сондықтан дарындылықтың қосымша, когнитивтік емес болжаушыларын анықтау - қазіргі психологиядағы өзекті мәселелердің бірі.

Дарындылықтың мультифакторлық тұжырымдамасы жоғары нәтижелерге жету көптеген факторлардың, соның ішінде өзін-өзі реттеу стратегияларының, мотивациялық компоненттердің, ерік-жігер ерекшеліктерінің үйлесімділігімен байланысты екенін көрсетеді. Сол мотивациялық сипаттамалардың ішінде адамның «танымға деген қажеттілігі» ерекше орын алады. Бұл қажеттілік адамның жаңа ақпаратты іздеуге, күрделі тапсырмаларға ұмтылуға және ойлау үдерісінен ләззат алуға деген ішкі талпынысын білдіреді.

Бұл мақалада «Танымға деген қажеттілік» ұғымына қатысты отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалып, сонымен қатар осы шкаланың қазақ тіліндегі нұсқасын бейімдеу нәтижелері ұсынылады.

Әдебиетке шолу. Танымға деген қажеттілік – отандық және шетелдік психологияда кеңінен зерттелетін когнитивтік-мотивациялық конструкт. Әсіресе, бала жасындағы дарындылық, оқу мотивациясы, ақпаратты өңдеу ерекшеліктері және тұлғалық айырмашылықтар контекстінде бұл ұғым маңызды орын алады.

В.С. Юркевич танымға деген қажеттілікті «жаңа білім алуға бағытталған қызметке деген ішкі қажеттілік» деп анықтайды [1]. Бұл ұғым адамның білімді пассив қабылдауынан гөрі,

белсенді ізденуге, түсінуге және ойлау процесіне қатысуға деген бейімділігін сипаттайды. Дәстүрлі оқу жүйесінде дайын ақпаратты меңгеру маңызды болғанымен, танымға деген қажеттілік тұлғаның шығармашылық, зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерінің дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады.

«Танымға деген қажеттілік шкаласы» (The Need for Cognition Scale, NCS) – Дж. Качиоппо мен Р. Петти (1982) әзірлеген, адамның ойлау үдерісіне қызығушылығын және когнитивтік күш-жігер жұмсаудан ләззат алуын өлшейтін диагностикалық құрал [2]. Шкаланың бастапқы нұсқасы 34 тармақтан тұрса, 1984 жылы оның қысқартылған 18 тармақтық нұсқасы ұсынылды [3]. Қазіргі таңда NCS ең жиі қолданылатын, сенімді және валидті психометриялық құралдардың бірі ретінде танылған.

Танымға деген қажеттілік тұлғаның ақпаратты орталық және перифериялық жолмен өңдеу ерекшеліктерін сипаттайтын ықтималдық модельмен (Elaboration Likelihood Model, ELM) тығыз байланысты. Бұл модельге сәйкес, танымға қажеттілігі жоғары адамдар ақпаратты терең, мазмұндық деңгейде өңдеуге бейім, ал қажеттілігі төмен адамдар көбіне қарапайым сыртқы белгілерге (көзқарас беделі, эмоционалды реңк және т.б.) сүйенеді [4,5].

Ғылыми әдебиеттерде танымға деген қажеттілік когнитивтік қабілеттермен, академиялық табыстылықпен, вербалды дағдылармен және тұлғалық қасиеттермен оң байланыста екендігі анықталған [6,7]. Сонымен бірге, ол стереотиптерден қорғану, аргументация тиімділігі, шешім қабылдау сапасы, эмоцияларды реттеу және әлеуметтік мінез-құлық ерекшеліктерімен де байланысты екені дәлелденген [8, 9].

Шетелдік зерттеулерде танымға деген қажеттілікті өлшеудің негізгі әдісі ретінде NCS сауалнамасы кең таралған. Бұл әдістеме өзін-өзі бағалау тәсіліне негізделген және респонденттің ойлау процесіне қатысуға деген субъективті бейімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Ресейлік нұсқасын С.А. Щebetенко бейімдеген, алайда қазақ тіліндегі ресми психометриялық нұсқасы болмағандықтан, бұл зерттеу шкаланың қазақша адаптациясын жасауға бағытталды [10].

Аударма барысында бастапқы мәтіннің мазмұндық баламалығы сақталып, сұрақтар қазақ тілінің сөйлеу нормаларына сәйкестендірілді. Теріс және тікелей формулировкалар мағынасы бұзылмай беріліп, тілдік түсініктілік қамтамасыз етілді.

Танымға деген қажеттілік – бұл отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде кеңінен зерттеліп келе жатқан құбылыс, әсіресе бала жасындағы дарындылық мәселесіне қатысты. Бұл ұғым ғылыми айналымға XX ғасырдың 1980-жылдары енді.

В.С. Юркевич танымға деген қажеттілікті «жаңа білім алуға бағытталған қызметке деген қажеттілік» деп сипаттайды. Мұндағы басты назар – жаңа білімге әкелетін әрекетті орындауға деген ішкі ынта, ол зияткерлік немесе физикалық әрекет болсын. Бұл танымға деген қажеттілікті дайын ақпаратты пассив қабылдаудан айқын ажыратады. Дегенмен, дәстүрлі мектеп жүйесінде дайын білімді меңгеру оқу процесінің маңызды бөлігі болып қала береді.

Танымға деген қажеттілік шкаласы – жеке адамның ойлау процесіне қызығушылық танытып, когнитивтік күш-жігерден ләззат алу тенденциясын өлшейтін психодиагностикалық құрал [11]. Шкаланың толық нұсқасы 34 тармақтан тұрады. 1984 жылы қысқартылған, 18 тармақтық нұсқасы, кейінгі зерттеулерде кеңінен қолданылды. Petty, Briñol, Loersch және McCaslin деректеріне сәйкес, Качиоппо мен Petty жұмысы жарық көргеннен кейін танымға деген қажеттілікке арналған 200-ден астам эмпирикалық зерттеу жүргізілген, ал бұл жұмысқа немесе қысқартылған шкалаға 1000-нан астам ғылыми жарияланым сілтеме жасаған. Дегенмен, авторлар атап өткендей, танымға деген қажеттілік ұғымының түп-төркіні 1950-жылдардағы Cohen, Stotland және Wolfe еңбектерінде кездеседі, онда ол әлемді түсіну қажеттілігі ретінде қарастырылған. Ал Дж. Качиоппо мен Р. Петти бұл терминді жаңа мазмұнмен толықтырып, қазіргі психологиядағы мотивациялық-когнитивтік конструкт ретінде қалыптастырды. Авторлар дарынды оқушылардың ой еңбегіне деген ерекше қызығушылығын және білімді белсенді түрде меңгеруге деген талпынысын «танымға деген қажеттілік» (need for

cognition, NFC) деп атады. Бұл қажеттілік адамның ойлау қабілетін талап ететін тапсырмаларға өз еркімен кірісуге және когнитивтік күш-жігерден қанағат алуына негізделеді.

Д.Б. Богоявленская [12] дарынды балалардың мотивациялық ерекшеліктерін келесі сипаттар арқылы түсіндіреді:

1. Танымдық қажеттіліктің жоғары болуы – бала шексіз қызығушылыққа ие және талап етілетін деңгейден жоғары әрекеттерге бастамашылық танытады.
2. Табандылық пен еңбекқорлық – бұл баланың қызығушылығымен және тапсырмаға толық берілуімен байланысты.
3. Жоғары талап қоюшылық – бала өзіне мақсат қойып, оған жетуде табандылық танытады.

Бұл сипаттамалар эмпирикалық зерттеулер нәтижелерімен расталады. Алғашқы зерттеулер танымға деген қажеттіліктің ақыл-ой шектеулілігімен әлсіз теріс байланыста екенін, әлеуметтік қолайлылықпен байланысы жоқ екенін және интеллектпен оң қатынаста екенін көрсетті. Танымға жоғары қажеттілігі бар адамдар ой жүгірту әрекеттеріне жиі араласады және ең бастысы — ойлау процесінен ләззат алады. Зерттеулер таным қажеттілігі мен ақпаратты терең және белсенді өңдеу қабілеті арасында айқын оң байланыс бар екенін дәлелдейді. Бұл қажеттілік адамның білімді және күрделі дағдыларды игеруіне ықпал етеді.

Сондықтан танымға деген қажеттілік қазіргі зерттеушілер тарапынан сыртқы ынталандыруларға ғана тәуелді емес, жеке тұлғаның ішкі мотивациялық құрылымы ретінде қарастырылады.

Танымға деген қажеттілік ықтималдықтың кеңейтілген моделі (Elaboration Likelihood Model, ELM) тұжырымдамасымен тығыз байланысты. ELM теориясы бойынша ақпаратты өңдеудің екі негізгі жолы бар: орталық және перифериялық. Танымға деген қажеттілік осы екі өңдеу жолының бірін таңдауға адамның диспозициялық бейімділігін сипаттайды. Орталық жолмен өңдеу кезінде индивид ақпараттың мазмұнына терең үңіліп, логикалық байланыстарды талдап, дәлелдерді бағалайды. Бұл жағдайда адамның танымға қажеттілігі жоғары деп есептеледі, себебі ол ойлау процесінен ләззат алады және когнитивтік күш-жігер жұмсауға дайын. Ал перифериялық өңдеу жолына бейімділік танымға деген қажеттіліктің төмен деңгейіне тән. Мұндай жағдайда адам ақпаратты терең талдаудан гөрі сыртқы белгілерге — мысалы, ақпарат көзінің тартымдылығы, беделі немесе эмоциялық әсеріне сүйенеді. Бұл жағдайда ойлау әрекеті күрделі және жағымсыз процесс ретінде қабылданып, одан қашуға ұмтылыс байқалады [13].

Танымға деген қажеттіліктің психологиялық және білім беру көрсеткіштерімен байланысы бірқатар зерттеулерде көрсетілген. Е. Дэй және оның әріптестері жүргізген зерттеуде танымға деген қажеттілік мотивациялық құрылым ретінде күрделі кәсіби дағдыларды меңгеруге жанама түрде ықпал ететіні анықталған [14]. Бұл зерттеуге 411 қатысушы қатысып, олар 5 сағат бойы танымдық және психомоторлық ресурстарды талап ететін жаңа компьютерлік тапсырманы орындауға үйретілді. Мотивациялық ынталандыру ретінде ақшалай сыйақы ұсынылды. Сонымен қатар қатысушылардың танымға деген қажеттілігі, жалпы когнитивтік қабілеттері, мақсат қоя білуі және өзін-өзі тиімді бағалауы өлшенді. Эксперимент нәтижелері танымға деген қажеттіліктің жалпы когнитивтік қабілеттерден тәуелсіз құрылым екенін көрсетті. Дегенмен, ол осы қабілеттермен байланысты болып, кәсіби дағдыларды меңгеруге оқу мотивациясы және өзін-өзі тиімді бағалау арқылы жанама әсер ететіні анықталды. Бұл танымға деген қажеттіліктің күрделі дағдыларды меңгеру үдерісінде маңызды психологиялық механизмдердің бірі екенін дәлелдейді.

П. Тидвелл және оның әріптестері танымға деген қажеттілік, білім деңгейі және вербалды қабілеттер арасындағы байланысты зерттеді. Зерттеу барысында қатысушылардың танымға деген қажеттілігі, вербалды қабілеттері және Вьетнам соғысы кезеңіндегі оқиғалар мен тұлғалар туралы білімі бағаланды. Корреляциялық талдау нәтижелері танымға деген қажеттілік пен вербалды қабілеттер, сондай-ақ білім деңгейі арасында әлсіз, бірақ оң байланыс бар екенін

көрсетті. Сонымен бірге вербалды қабілеттер мен білім өзара оң корреляция көрсетті. Вербалды қабілеттерді статистикалық бақылауға алғаннан кейін де танымға деген қажеттілік пен білім арасындағы байланыс әлсіз болса да, маңызды болып қала берді. Авторлар бұл нәтижелерге сүйене отырып, танымға деген қажеттілік адамның білімді игеру процесіне өз үлесін қосатынын, әрі бұл үлес вербалды қабілеттерден тәуелсіз жүзеге асатынын атап өтеді.

Осылайша, танымға деген қажеттілік адамның когнитивтік мотивациясының жеке айырмашылықтарын сипаттайтын маңызды тұлғалық ерекшелік болып табылады. Ол адамның күрделі когнитивтік тапсырмаларды орындауға қызығушылығы мен осы үдерістен ләззат алу деңгейін көрсетеді. Танымға қажеттілігі жоғары тұлғалар ақпаратты терең талдауға бейім, сондықтан оларда стереотиптер мен алдын ала қалыптасқан пікірлерге қарсы тұру қабілеті жоғары болады. Бұл олардың ойлауында дәлелді, бірізді және негізделген шешімдер қабылдау ықтималдығын арттырады. Алайда танымға деген қажеттілікті ойлау рационалдылығының тікелей көрсеткіші деп қарастыру дұрыс емес. Терең ойлау процесі әрқашан рационалды нәтиже бермейді. Егер ойлау барысында адам иррационалды интуицияларға, эмоциялық қабылдауға немесе бейнелік ассоциацияларға сүйенсе, мұндай ойлау нәтижелері де иррационалды сипатқа ие болуы мүмкін (Epstein & Pacini, 1999 [15]; Miniard, Bhatla, Lord, Dickson, & Unnava, 1991 [16];

Танымға деген қажеттілікті зерттеудің негізгі бағыттарының бірі - әлеуметтік көзқарастар мен сенімдердің қалыптасуын түсіндіру. Зерттеулер көрсеткендей, танымға деген қажеттілігі жоғары адамдар сендіру мақсатындағы хабарламалардағы маңызды мазмұнды ақпаратты терең талдау арқылы өз көзқарастарын қалыптастыруға бейім. Ал танымға деген қажеттілігі төмен тұлғалар көбіне сыртқы, қарапайым белгілерге сүйенеді: ақпарат көзінің тартымдылығы, сенімділігі, сондай-ақ өзінің эмоционалдық күйі. Бұл тұлғалар ақпаратты терең өңдеуден гөрі, жеңіл когнитивтік стратегияларды пайдаланады. Дегенмен, кейбір жағдайларда танымға қажеттілігі төмен адамдар да ақпаратты терең талдауды жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайларға:

- хабарламаның жеке маңыздылығы жоғары болуы;
- коммуникациялық жағдайдағы белгісіздік;
- ақпарат ұсынылатын медиа құралдарының қызығушылықты арттыруы;
- хабарламаның жеке Мен-концепциясымен үйлесімділігі;
- хабарламадағы эмоционалдық мазмұнның күшеюі сияқты факторлар жатады.

Бұл жағдайларда тұлға ақпаратты тереңірек өңдеуге ынталанып, когнитивтік күш-жігер жұмсауы ықтимал.

Танымға деген қажеттілігі жоғары адамдар ақпаратты терең өңдеу нәтижесінде берік және тұрақты көзқарастар қалыптастыруға бейім. Мұндай көзқарастардың ерекшелігі - олардың ұзақ уақыт сақталуы, өзгерістерге төзімділігі және кейінгі мінез-құлыққа айқын әсер етуі. Алайда, егер танымға деген қажеттілігі жоғары тұлғаларға олардың көзқарастары күрделі талдау емес, тек қарапайым сыртқы белгілер негізінде қалыптасқан деп айтылса, бұл олардың көзқарастарының беріктігін төмендетуі мүмкін.

Танымға деген қажеттілік оқу жетістіктерімен де байланысты. Зерттеулерде танымға қажеттілік пен мектептегі үлгерім арасында оң корреляция анықталған, ал күтілгеннен төмен нәтижелермен кері байланыс байқалады. Метааналитикалық зерттеулер де танымға қажеттіліктің академиялық табыстылықпен жүйелі түрде байланысты екенін растайды. Бірқатар зерттеулер танымға қажеттілік интеллектпен, әсіресе флюидтік интеллектпен (жаңа ақпаратты жылдам және дәл өңдеу қабілеті) оң байланыста болатынын көрсетті. Бұл құбылыс адамның өмір бойындағы өзгерістеріне де тәуелді: жасөспірімдік және ерте ересек кезеңде (шамамен 24 жасқа дейін) танымға қажеттілік арта түседі, ал 50 жастан кейін оның төмендеуі байқалады.

Танымға деген қажеттілік мотивациямен, аргументация үдерістерімен және дарындылықпен де тығыз байланысты. Әдебиеттерде танымға деген қажеттілік адамның ой еңбегін талап ететін тапсырмаларды орындауға қандай факторлар әсер ететінін анықтайтын маңызды

мотивациялық сипаттама ретінде қарастырылады. Зерттеулердің бірінде танымға деген қажеттілігі төмен қатысушылар когнитивтік күш-жігерді тек ақшалай сыйақы сияқты сыртқы ынталандыру ұсынылған жағдайда ғана жұмсағаны байқалған. Ал танымға деген қажеттілігі жоғары адамдар үшін материалдық ынталандырудың рөлі айтарлықтай маңызды болмаған - олар ойлау процесінен өздігінен қанағат алады.

Зерттеулердің айтарлықтай бөлігі ақпаратты өңдеу, аргументация және дәлелдер құрастыру ерекшеліктеріне арналған. Нәтижелер танымға деген қажеттіліктің адамның өз көзқарасын дәлелдеу қабілетінің тереңдігі мен сенімділігін болжайтынын көрсетеді. Яғни таным қажеттілігі жоғары тұлғалар күрделі аргументтерді жақсырақ талдап, неғұрлым негізді көзқарастар қалыптастыруға бейім.

Танымға деген қажеттілік тек интеллектуалдық дарындылықпен ғана емес, сонымен қатар ой еңбегінен ләззат алумен, жаңа ақпаратты игеруге деген қызығушылықпен де тығыз байланысты. Бұл көрсеткіш мотивациялық сипаттама ретінде дарындылықтың маңызды құрамдас бөлігі болуы мүмкін деген пікірлер де бар. Мысалы, Е. Мейер және әріптестері жүргізген зерттеуде оқушылардың мотивациялық ерекшеліктері – академиялық «Мен-концепциясы», оқу қызығушылықтары, мақсат қою дағдылары және танымға деген қажеттілік – арнайы дарындыларға арналған сыныптарға іріктеу үдерісіндегі рөлі зерттелген [18].

Зерттеуге бесінші сыныптың 921 оқушысы қатысқан, олардың 31%-ы дарынды балаларға арналған сыныптарда оқыған. Талдау барысында академиялық жетістіктер, когнитивтік қабілеттер, жыныс, ата-аналардың білімі сияқты қосымша айнымалылар бақылауда ұсталды.

Танымға деген қажеттілік деңгейін өлшеу үшін Качиоппо мен Петти шкаласының Германияда бейімделген жасөспірімдерге арналған нұсқасы пайдаланылды. Мысалы, шкалада: «Мен шешу тәсілін жаңаша табуды талап ететін тапсырмаларды ұнатамын» сияқты сұрақтар бар. Жауаптар бес балдық шкала бойынша берілді («мүлде келіспеймін» – «толық келісемін»).

Регрессиялық талдау танымға деген қажеттіліктің дарындылар сыныбына қабылдаудың ең күшті болжаушысы екенін көрсетті. Ол академиялық «Мен-концепциясынан», оқу қызығушылығынан және мақсат қоюдан да маңыздырақ фактор болған.

Зерттеу авторлары танымға деген қажеттілікті өлшеу оқушының кеңейтілген, күрделі оқу бағдарламасына деген қабілетін және мұқтаждығын анықтауда маңызды көрсеткіш болуы мүмкін деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар, олар танымға жоғары қажеттілігі бар оқушылардың дарынды балаларға арналған бағдарламаларға іріктеу кезінде артықшылық алуы қажет пе деген этикалық әрі педагогикалық мәселелерді талқылау қажеттілігін атап өткен.

Танымға деген қажеттілік тұлғаның метакогнитивтік белсенділігімен тығыз байланысты психологиялық сипаттама болып табылады. Метакогниция адамның өз ойлау үдерістерін бақылауы, талдауы және бағалауы арқылы көрінеді. Зерттеулер көрсеткендей, танымға қажеттілігі жоғары тұлғалар өздерінің көзқарастарының қалыптасу себептері мен оларды өзгерту механизмдері туралы жиі ойланады. Олар ақпаратты өңдеу барысында пайда болатын ойлар мен пайымдауларды тереңірек түсініп, қабылданған шешімдер мен қалыптасқан көзқарастардың дұрыстығына жоғары сенім білдіреді [19].

Танымға деген қажеттіліктің жоғары деңгейі көзқарастардың тұрақтылығымен де байланысты. Мұндай тұлғалар белгілі бір мәселе бойынша пікірін өзгерткен жағдайда, оны жан-жақты талдау мен баламалы көзқарастарды қарастыру нәтижесінде қабылданған шешім ретінде бағалайды. Сондықтан олар жаңа көзқарастың дұрыстығына сенімді болады. Сонымен қатар сыртқы ықпалдарға сыни тұрғыдан қарап, сендіру әрекеттеріне қарсы тұра алған жағдайда өз ұстанымдарының беріктігіне деген сенімі одан әрі күшейеді.

Танымға қажеттілігі жоғары адамдар шешім қабылдау барысында әртүрлі баламаларды салыстыруға, қосымша ақпарат іздеуге және мәселені жан-жақты талдауға бейім келеді. Олар қорытынды шешім қабылдас бұрын ақпараттың жеткіліктілігіне көз жеткізуге ұмтылады. Алайда бұл қасиет әрдайым объективті және бейтарап шешім қабылдауға кепілдік бермейді. Терең ойлау мен кең көлемде ақпарат өңдеу жағдайында да адамның когнитивтік қателіктерге

ұшырауы немесе эмоциялық факторлардың ықпалымен бұрмаланған шешімдер қабылдауы мүмкін.

Зерттеулер танымға деген қажеттіліктің адамның ішкі психикалық тәжірибелерін ұғынуымен де байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, танымдық белсенділігі жоғары адамдар өздерінің түс көру тәжірибелерін тереңірек талдауға, олардың мазмұнын саналы түрде түсінуге және оған ерекше мән беруге бейім келеді. Бұл жағдай танымға деген қажеттіліктің рефлексиялық қабілеттермен және өзін-өзі тану үдерістерімен өзара байланысын көрсетеді.

Танымға деген қажеттілікті зерттеу барысында оны бағалаудың әртүрлі әдістері қолданылады. Олардың ішінде өзіндік есепке негізделген сауалнамалар ерекше орын алады. Бұл әдістер тұлғаның ішкі мотивациясын, ойлау әрекетіне қызығушылығын және когнитивтік күш жұмсауға дайындығын тікелей бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан танымға деген қажеттіліктің субъективті деңгейін анықтауда өзіндік есеп беру әдістері бақылаушылардың сыртқы бағалауымен қатар қолданылған жағдайда неғұрлым толық және сенімді ақпарат алуға жағдай жасайды.

Шетелдік зерттеулерде ең жиі пайдаланылатын әдістемелердің бірі – Дж. Качиоппо және оның әріптестері әзірлеген «Танымға деген қажеттілік шкаласы». Бұл шкала бірнеше модификацияда жасалып, валидтілігі мен сенімділігі көптеген зерттеулермен дәлелденген. NCS әлеуметтік қолайлылықпен, тесттік алаңдаушылықпен, жыныспен және когнитивтік стильдермен байланыссыз жұмыс істейтіні анықталған, тек тәжірибеге ашықтық қасиетімен оң корреляция көрсетеді.

Осы әдістеменің 18 сұрақтан тұратын қысқартылған нұсқасын біз қазақ тіліне аударып, С.А. Щебетенконың орыс тіліндегі бейімделген нұсқасына сүйене отырып, әлеуметтік желілер мен бланк нұсқасы арқылы респонденттерге тараттық. Аударма барысында тілдік қолайлылық, түсініктілік және түпнұсқа мазмұнның мағыналық дәлдігі сақталуына ерекше назар аударылды. Танымға деген қажеттілік тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктеріне елеулі ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, танымға қажеттілігі жоғары адамдар дилада мен шағын топтардағы өзара әрекеттестікке белсенді қатысуға, пікірталастарға ертерек араласуға және коммуникативтік процестерде жоғары белсенділік танытуға бейім. Сонымен қатар, олар танымға қажеттілігі төмен тұлғалармен салыстырғанда қарым-қатынасты ұзақ уақыт сақтап, әңгімелесуге көбірек уақыт бөледі. Сондай-ақ танымға деген қажеттілік деңгейінің жоғары болуы әлеуметтік енжарлықтың төмендеуімен байланысты екендігі анықталған.

Сонымен қатар, танымға деген қажеттіліктің кейбір жағымсыз қырлары да кездесуі мүмкін. Атап айтқанда, мұндай тұлғалар бұрын талқыланған мәселелерге қайта оралуға бейім болып, топтық жұмыстың тиімділігін төмендетуі ықтимал. Кей жағдайларда олар өз көзқарастары мен идеяларына шамадан тыс мән беріп, басқа қатысушылардың пікірлері мен дәлелдерін ескермеуі мүмкін.

Танымға деген қажеттілік адамдардың тұлғааралық ықпал ету және сендіру стратегияларын таңдауына да әсер етеді. Жеке тұлғалар өзара әрекеттесу барысында серіктестерінің танымдық белсенділігі мен ақпаратты өңдеу ерекшеліктері туралы қалыптасқан болжамдарға сүйенеді. Зерттеулер нәтижесінде физикалық тартымдылықты қабылдау, әлеуметтік қолдау күту және тұлғааралық бағалау процестері адамның танымға деген қажеттілігі туралы қалыптасқан күтулермен байланысты екендігі анықталған. Сонымен қатар, білімді бағалау жағдайларында да танымдық белсенділікке қатысты қалыптасқан әлеуметтік күтулер бағалау нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін.

Танымға деген қажеттілік тұлғааралық қатынастар шеңберімен ғана шектелмей, әртүрлі қолданбалы зерттеу салаларында маңызды психологиялық фактор ретінде қарастырылады. Бастапқы кезеңде бұл феномен негізінен тұтынушылық мінез-құлық контекстінде зерттелгенімен, қазіргі уақытта оның құқықтық психология, денсаулық психологиясы және мінез-құлықтық шешім қабылдау салаларындағы маңызы артып келеді. Мәселен, танымға деген қажеттілік деңгейі сот процесі барысында қабылданатын шешімдерге, топтық талқылаулардың

сипатына және шешім қабылдау ерекшеліктеріне ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл қасиеттің жоғары деңгейі адамның белгілі бір мінез-құлыққа қатысты когнитивтік күтулері мен нақты әрекеттері арасындағы байланысты күшейтетіні анықталған. Осыған байланысты танымға деген қажеттілік тұлғаның ақпаратты өңдеу ерекшеліктерін, әлеуметтік мінез-құлқын және шешім қабылдау процестерін түсіндіретін маңызды психологиялық конструкт ретінде қарастырылады.

Танымға деген қажеттілік жөніндегі зерттеулердің кең таралуына қарамастан, орыс тіліндегі психометриялық құралдар шектеулі болғандықтан, бастапқыда NCS-тің орысша нұсқасына жүгіндік. 2011 жылдың 25 сәуірінде www.elibrary.ru дерекқорында «танымға деген қажеттілік» кілт сөзін іздеу барысында тек Мартин, Ланг және Вонгтың (2006) Journal of Advertising журналында жарияланған мақаласының аудармасына сілтеме табылды. Scholar.google.com іздеу жүйесі бұл термин бойынша бірнеше мың нәтиже көрсеткенімен, олардың көпшілігі аталмыш психологиялық конструкцияға қатысты болмады. Сұрау нәтижесіндегі бірінші көз – Б.Г. Ананьевтің «Адам – таным нысаны» еңбегі болды.

Қазіргі қолданыста танымға деген қажеттілікті өлшейтін әдістемелердің басым бөлігі өзіндік есепке негізделген, яғни респондент өзіне қатысты сұрақтарға жауап береді. Орыс тілінде мұндай әдістемелер көп емес және қолда барлары, негізінен, ата-аналар мен педагогтарға арналған сыртқы бағалау формалары болып табылады. Танымал құралдардың қатарында В.С. Юркевичтің «Танымдық қажеттілік деңгейін анықтау» әдістемесі, сондай-ақ А.И. Савенковтың «Дарын картасы» және «Қызығушылықтар палитрасы» бар.

Шкаладағы жекелеген сұрақтарды талдай отырып, олардың «когниция» ұғымының әртүрлі аспектілерін өлшейтіні анық байқалады. NCS адамның ойлау үдерісіне қатысуға деген бейімділігін бірнеше когнитивтік қырлар арқылы бағалайды:

- Жағдайлық когниция - адам күрделі мәселелерді қарапайымдардан артық көруге бейім (мысалы, «Мен қарапайым мәселені шешкеннен гөрі, күрделі мәселені шешкенді ұнатамын»).

- Ойлау күш-жігерін жұмсауға дайындық - когнитивтік күш талап ететін тапсырмалардан қашпау, керісінше оларды орындауға ынталылық (мысалы, «Мен ақыл-ой қабілетімді нақты сынайтын іспен айналысқаннан гөрі, аз ойлануды қажет ететін нәрсені істегенді жөн көремін»; «Кейбір мақсаттарға тек айтарлықтай ой еңбегін жұмсау арқылы ғана жетуге болады деп есептеймін»).

- Когнитивтік стимулдан ләззат алу - ойлау, талдау үдерістерінен қанағат алу (мысалы, «Мен ұзақ әрі терең ойланудан ләззат аламын»; «Мен ойлау қабілетімді сынайтын тапсырмаларды таңдағанды жақсы көремін»).

- Түсінуге деген ұмтылыс - тек жауапты білумен шектелмей, құбылыстардың себептері мен механизмдерін түсінуге талпыныс (мысалы, «Көп ақыл-ой күшін қажет ететін тапсырманы орындаған соң, қанағаттанудан гөрі жеңілдік сезінемін»; «Мен мәселенің жауабынан гөрі оның неге солай болғанын түсінуге көбірек қызығамын»; «Мен үшін бір нәрсенің қалай және неге жасалатынын білу маңызды»).

Бұл сұрақтар жиынтығы NCS шкаласының когнитивтік мотивацияның көпқырлы құрылымын өлшейтінін көрсетеді. Бастапқыда бірөлшемді деп қабылданған көптеген психометриялық шкалалар кейіннен олардың құрылымында бірнеше өлшемнің бар екені анықталғаннан кейін кеңірек қолданысқа ие болып, теориялық тұрғыдан тереңірек зерттелген. Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің маңызды мәселелерінің бірі - танымға деген қажеттілік шкаласы бірнеше мағыналы өлшемдерді қамти ма, бұл өлшемдер шкаланың түпнұсқалық және қысқартылған нұсқаларында бірдей көріне ме, әртүрлі респонденттер үлгілерінде тұрақты сақтала ма, сондай-ақ сұрақтардың формулировкасы өзгерген жағдайда (әсіресе, теріс формулировкалар қолданылғанда) өлшемдердің тұрақтылығы қаншалықты сақталатынын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, бұл өлшемдер жарнамаға деген тұтынушы реакцияларына немесе ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне қандай деңгейде әсер ететіні де зерттеушілер үшін маңызды сұрақтардың бірі.

Осылайша, қазақ тіліндегі «Танымға деген қажеттілік шкаласын» әзірлеу – өзекті әрі ғылыми-практикалық маңызы жоғары міндет. Осы зерттеу шеңберінде біз NCS сауалнамасын қазақ тіліне аударып, оның ішкі үйлесімділігін бағалауды және психометриялық валидтілігін тексеруді мақсат етіп қойдық. Бұл жұмыс қазақ тілді аудиторияда когнитивтік мотивацияны зерттеуге арналған сенімді құрал қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеуімізде танымға деген қажеттілік шкаласының қысқартылған нұсқасы (Need for Cognition Scale; Cacioppo et al., 1984) қолданылды. Бұл нұсқа 18 сұрақтан тұрады, жауаптар 1-ден 5-ке дейінгі Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды, мұнда 1 - «толығымен келіспеймін», ал 5 - «толығымен келісемін» дегенді білдіреді.

Қазақ тіліндегі NCS нұсқасы тікелей және кері аударма процедуралары арқылы әзірленді. Алдымен сауалнама мәтіні С.А. Щебетенко бейімдеген орыс тіліндегі нұсқадан алынды [11]. Негізгі дереккөз ретінде Дж. Качиоппо және әріптестерінің 2013 жылы ашық қолжетімді форматта жариялаған материалдары пайдаланылды (www.midss.ie). Орысша нұсқа қазақ тіліне аударылып, кейін кері аударма жүргізіліп, түпнұсқа мәтінмен мағыналық сәйкестігі тексерілді. Нәтижесінде бастапқы тесттің мазмұны толық сақталғаны анықталды, бұл аударманың тілдік және семантикалық сапасының жоғары деңгейде екендігін көрсетті.

Сауалнаманы әртүрлі әлеуметтік топтар арасында сынақтан өткізу үшін деректер әлеуметтік желілер арқылы ерікті түрде жиналды. Қазақша аударма барысында күнделікті қолданылатын, түсінікті сөз орамдары пайдаланылды. Сондықтан сұрақтар кең аудиторияға қолжетімді әрі түсінікті болды. Зерттеудің объектілері мен әдістері: Зерттеуге Алматы қаласының 17–55 жас аралығындағы 187 тұрғыны қатысты. Оның ішінде 83 ер адам және 104 әйел адам болды.

Кесте 1 – Зерттеуге қатысушылардың жас көрсеткіштері

Топ	N	Орташа жас	SD	Ең төменгі жас	Ең жоғары жас
Ерлер	83	23,58	8,78	18	50
Әйелдер	104	27,70	13,68	17	62
Жалпы	187	25,88	11,61	17	62

Мәліметтерді статистикалық талдау SPSS 23 бағдарламалық пакеті арқылы жүргізілді. Әрбір қатысушының жауаптары бойынша альфа-Кронбах коэффициенті есептелді. Бұл көрсеткіш сауалнамадағы әрбір тармақтың бүкіл шкалаға қатысты таралуымен салыстырылуын қамтамасыз етеді. Егер тесттің жалпы вариациясы жекелеген тармақтардың вариациясынан аз болса, онда әрбір тармақ біртекті психологиялық сипаттаманы өлшейді деп есептеледі.

Нәтижелер және талқылау. Танымға деген қажеттілік сауалнамасына жүргізілген сенімділік талдауы оның тармақтары арасындағы өзара корреляцияның жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Сауалнаманың ішкі келісімділігін бағалау үшін альфа-Кронбах коэффициенті қолданылды.

Кесте 2 – Танымға деген қажеттілік шкаласы бойынша сипаттамалық статистика көрсеткіштері (N=187)

Көрсеткіш	N	M	SD	Min	Max	Cronbach's α
Танымға деген қажеттілік	187	2,82	0,50	1,00	3,61	0,66

Танымға деген қажеттілік сауалнамасының сенімділігін бағалау мақсатында ішкі келісімділік талдауы жүргізілді. Нәтижелер шкала тармақтарының өзара байланысының жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Ішкі келісімділікті анықтау үшін Кронбахтың альфа коэффициенті

есептелді. Кесте 2-де көрсетілгендей, зерттелушілердің танымға деген қажеттілік көрсеткішінің орташа мәні $2,82 \pm 0,50$ баллды құрады. Зерттелушілердің көрсеткіштері 1,00 мен 3,61 балл аралығында өзгерді, бұл іріктеме ішінде танымға деген қажеттілік деңгейінің әртүрлі екенін көрсетеді. Шкаланың ішкі келісімділік көрсеткіші Cronbach's $\alpha = 0,66$ болды. Психологиялық зерттеулерде 0,60–0,70 аралығындағы мәндер зерттеудің ізденістік сипатында қанағаттанарлық сенімділік деңгейі ретінде қарастырылады. Сондықтан қолданылған сауалнаманың зерттеу мақсаттарына сәйкес жеткілікті психометриялық қасиеттерге ие екендігін айтуға болады.

Алынған нәтижелер респонденттердің көпшілігінде танымдық белсенділіктің орташа деңгейде екенін, алайда танымға деген қажеттілік көрсеткіштері бойынша айтарлықтай дара айырмашылықтардың байқалатынын көрсетті. Бұл зерттелушілер арасында ақпаратты іздеу, талдау және күрделі танымдық міндеттерді шешуге деген ұмтылыстың әртүрлі деңгейде қалыптасқанын білдіреді. Келесі кестеде респонденттердің жалпы балл бойынша таралуы көрсетілген. Деректердің орташа мәнге шоғырланғаны байқалады, дегенмен қатысушылардың жауап беру үлгілерінде айтарлықтай әртүрлілік бар. Бұл танымға деген қажеттілік деңгейінің респонденттер арасында гетерогенді екенін көрсетеді.

Кесте 3 – Танымға деген қажеттілік шкаласы тармақтарының сипаттамалық статистикасы (N=187)

Тармақ	N	Min	Max	M	SD
NCS_1	187	1,00	5,00	3,00	1,30
NCS_2	187	1,00	5,00	2,45	1,24
NCS_3	187	1,00	5,00	3,60	1,35
NCS_4	187	1,00	5,00	3,33	1,41
NCS_5	187	1,00	5,00	3,08	1,41
NCS_6	187	1,00	5,00	2,62	1,37
NCS_7	187	1,00	5,00	2,86	1,38
NCS_8	187	1,00	5,00	2,78	1,21
NCS_9	187	1,00	5,00	2,17	1,29
NCS_10	187	1,00	5,00	2,60	1,36
NCS_11	187	1,00	5,00	2,48	1,09
NCS_13	187	1,00	5,00	2,95	1,27
NCS_14	187	1,00	5,00	3,32	1,34
NCS_15	187	1,00	5,00	2,61	1,16
NCS_16	187	1,00	5,00	2,91	1,25

Кесте 3-те танымға деген қажеттілік шкаласының жекелеген тармақтары бойынша сипаттамалық статистика нәтижелері ұсынылған. Талдау нәтижелері респонденттердің жауаптары шкаланың барлық диапазоны бойынша таралғанын көрсетті. Орташа мәндердің 2,17 мен 3,60 аралығында ауытқуы зерттелушілердің танымдық белсенділікке, жаңа ақпаратты игеруге және интеллектуалдық күш жұмсауға деген қатынасының әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Ең жоғары орташа көрсеткіш NCS_3 тармағында ($M = 3,60$; $SD = 1,35$) тіркелсе, ең төменгі көрсеткіш NCS_9 тармағында ($M = 2,17$; $SD = 1,29$) байқалды. Бұл нәтижелер респонденттердің кейбір танымдық белсенділік аспектілерін жоғары бағалайтынын, ал кейбір когнитивтік әрекеттерге қатысты қызығушылығы төменірек екенін көрсетеді. Стандартты ауытқу көрсеткіштерінің 1,09–1,41 аралығында болуы қатысушылар жауаптарының біркелкі еместігін және зерттелушілер арасында айқын дара айырмашылықтардың бар екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер танымға деген қажеттілік деңгейінің зерттелушілер арасында әртүрлі екенін, яғни аталған психологиялық конструктінің гетерогенді сипатқа ие екенін көрсетеді. Бұл тұлғалардың ақпаратты іздеуге, оны талдауға және күрделі интеллектуалдық міндеттерді шешуге деген ұмтылыстарының әртүрлі деңгейде дамығанын айғақтайды.

Танымға деген қажеттілік шкаласының (ТҚШ) психометриялық көрсеткіштерін талдау оның сенімділік деңгейінің қанағаттанарлық екенін көрсетті. Ішкі келісімділікті бағалау

нәтижесінде Кронбахтың α коэффициенті 0,66-ны құрады, бұл шкаланың зерттеу мақсаттары үшін жеткілікті сенімділік деңгейіне ие екенін білдіреді. Сонымен қатар жүргізілген талдау барысында барлық тармақтардың біртұтас факторлық құрылым қалыптастыратыны анықталды. Шкала тармақтары арасында теріс корреляциялар, төмен факторлық жүктемелер немесе регрессиялық бағалаулар байқалмады.

Зерттеу нәтижелері танымға деген қажеттілік шкаласының қазақ тіліндегі бейімделген нұсқасының сенімділігі мен жарамдылығын растайды. Кронбах α коэффициентінің орташа деңгейде болуы шкаланың психометриялық қасиеттерін қосымша зерттеулерде кеңірек іріктеулер мен күрделі факторлық модельдер негізінде одан әрі нақтылау мүмкіндігін көрсетеді.

ТҚШ бойынша алынған орташа жиынтық көрсеткіш 2,82 баллды құрады. Бұл зерттелушілердің танымға деген қажеттілігінің орташа деңгейде екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, қатысушылардың басым бөлігінде жаңа білім алуға, ой еңбегіне және танымдық белсенділікке тұрақты, бірақ шамадан тыс емес қызығушылық байқалады.

Жекелеген тармақтар бойынша алынған айырмашылықтар когнитивтік мотивацияның әртүрлі қырларын сипаттайды. Атап айтқанда, NCS_3, NCS_4 және NCS_14 тармақтары бойынша жоғары көрсеткіштер респонденттердің күрделі мәселелерді шешуге, ойлануды талап ететін міндеттерді орындауға және интеллектуалдық белсенділікке бейімділігін көрсетеді. Ал NCS_2 және NCS_9 тармақтары бойынша төмен көрсеткіштер кейбір когнитивтік әрекеттерге қызығушылықтың салыстырмалы түрде төмен екенін аңғартады.

Алынған нәтижелер танымға деген қажеттілікті тұлғаның когнитивтік мотивациясын сипаттайтын тұрақты психологиялық конструкт ретінде қарастыратын заманауи ғылыми зерттеулердің тұжырымдарымен сәйкес келеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері танымға деген қажеттілік шкаласының қазақ тіліндегі нұсқасын қазақ тілді аудитория арасында қолдануға болатын сенімді және валидті психодиагностикалық құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу барысында Дж. Качиоппо мен Р. Петти әзірлеген «Танымға деген қажеттілік шкаласының» (Need for Cognition Scale, NCS) қазақ тіліндегі нұсқасы бейімделіп, оның негізгі психометриялық көрсеткіштері эмпирикалық тұрғыдан бағаланды. Аударма және кері аударма процедураларын қолдану сауалнама мазмұнының түпнұсқамен мағыналық сәйкестігін сақтауға мүмкіндік берді. Қазақ тілді респонденттер арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері шкаланың ішкі келісімділігінің қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетті (Cronbach's $\alpha = 0,66$), бұл оның ғылыми зерттеулерде қолдануға жарамдылығын дәлелдейді.

Сипаттамалық статистика нәтижелері зерттелушілердің танымға деген қажеттілігі орташа деңгейде екенін көрсетті ($M = 2,82$). Тармақтар бойынша алынған көрсеткіштердің әртүрлілігі респонденттердің когнитивтік мотивация деңгейінің біркелкі емес екенін және олардың интеллектуалдық белсенділікке, ақпаратты талдауға және ой еңбегіне деген қызығушылықтарының әртүрлі дәрежеде қалыптасқанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері танымға деген қажеттіліктің тұлғаның когнитивтік белсенділігімен, ақпаратты өңдеу ерекшеліктерімен және интеллектуалдық міндеттерді шешуге бағытталған ішкі мотивациясымен байланысты тұрақты психологиялық конструкт екенін растайды. Сонымен қатар алынған деректер халықаралық зерттеулерде көрсетілген теориялық тұжырымдармен үйлесіп, қазақ тілді ортада осы феноменді зерттеудің өзектілігін айқындайды. Жалпы алғанда, қазақ тіліне бейімделген NCS нұсқасы когнитивтік мотивацияны, интеллектуалдық белсенділікке ұмтылысты және ойлау әрекетіне деген қызығушылықты зерттеуге арналған сенімді психодиагностикалық құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Аталған әдістемені психология, білім беру, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы, нейрокогнитивтік зерттеулер және мінез-құлықтық ғылымдар салаларында қолдануға мүмкіндік бар.

Қаржыландыру туралы ақпарат: Алғыс білдіру. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (БНҚ № BR27198099).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Юркевич В. С. Развитие начальных уровней познавательной потребности у школьника // Вопросы психологии. – 1980. – №2. – С. 83–92.

2. Cacioppo J., Petty R. The need for cognition // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1982. – Vol. 42. – P. 206–209.
3. Henningsen D. D., Henningsen M. L. M. The effect of individual difference variables on information sharing in decision-making groups // *Human Communication Research*. – 2004. – Vol. 30. – P. 540–555.
4. Petty R. E., Briñol P., Loersch C., McCaslin M. J. The need for cognition // In: Leary M. R., Hoyle R. H. (Eds.). *Handbook of individual differences in social behavior*. – New York: Guilford Press, 2009. – P. 318–329.
5. Haugtvedt C. P., Petty R. E., Cacioppo J. T. Need for cognition and advertising: Understanding the role of personality variables in consumer behavior // *Journal of Consumer Psychology*. – 1992. – Vol. 1. – P. 239–260.
6. Petty R. E., Briñol P., Loersch C., McCaslin M. J. The need for cognition // In: Leary M. R., Hoyle R. H. (Eds.). *Handbook of individual differences in social behavior*. – New York: Guilford Press, 2009. – P. 318–329.
7. Shestowsky D., Horowitz L. M. How the Need for Cognition Scale predicts behavior in mock jury deliberations // *Law and Human Behavior*. – 2004. – Vol. 28. – P. 305–337.
8. Tidwell P. S., Sadowski C. J., Pate L. M. Relationships between need for cognition, knowledge, and verbal ability // *Journal of Psychology: Interdisciplinary and Applied*. – 2000. – Vol. 134, №6. – P. 634–644.
9. Ушаков Д. В. Психология интеллекта и одаренности. – М.: Институт психологии РАН, 2011. – 464 с.
10. Щебетенко С. А. Психометрика русской версии шкалы потребности в познании // *Вестник Пермского университета: Философия. Психология. Социология*. – 2011. – №6. – С. 88–100
11. Cacioppo J. T., Petty R. E., Kao C. F. The efficient assessment of need for cognition // *Journal of Personality Assessment*. – 1984. – Vol. 48. – P. 306–307.
12. Богоявленская М. Е. Психология одаренности: понятие, виды, проблемы. Вып. 1. – М.: МИОО, 2005. – 176 с.
13. Carter J. D., Hall J. A., Carney D. R., Rosip J. C. Individual differences in the acceptance of stereotyping // *Journal of Research in Personality*. – 2006. – Vol. 40. – P. 1103–1118.
14. Day E. A., Arthur W. Jr., Gettman D. Need for cognition as a predictor of complex skill acquisition // *Personality and Individual Differences*. – 2007. – Vol. 42. – No. 8. – P. 1395–1407.
15. Epstein S., Pacini R. Some basic issues regarding the dual-process theories from the perspective of cognitive-experiential self-theory // In: Chaiken S., Trope Y. (Eds.). *Dual process theories in social psychology*. – New York: Guilford Press, 1999. – P. 462–482.
16. Miniard P., Bhatla S., Lord K. R., Dickson P. R., Unnava H. R. Picture-based persuasion processes and the moderating role of involvement // *Journal of Consumer Research*. – 1991. – Vol. 18. – P. 92–107.
17. Virdine J. I., Simmons V. N., Brandon T. H. Construction of smoking-relevant risk perception among college students: The influence of need for cognition and message content // *Journal of Applied Social Psychology*. – 2007. – Vol. 37. – P. 91–114
18. Meier E., Vogt C., Preckel F. Motivational characteristics of students in gifted classes: The pivotal role of need for cognition // *Learning and Individual Differences*. – 2014. – Vol. 33. – P. 39–46.
19. Petty R. E., Tormala Z. L., Rucker D. D. Resisting persuasion by counterarguing: An attitude strength perspective // In: Jost J. T., Banaji M. R., Prentice D. A. (Eds.). *Perspectivism in social psychology*. – Washington, DC: APA, 2004. – P. 37–51.

References

1. Yurkevich V. S. Razvitie nachalnyh urovnej poznavatelnoj potrebnosti u shkolnika // *Voprosy psihologii*. – 1980. – №2. – S. 83–92.
2. Cacioppo J., Petty R. The need for cognition // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1982. – Vol. 42. – R. 206–209.
3. Henningsen D. D., Henningsen M. L. M. The effect of individual difference variables on information sharing in decision-making groups // *Human Communication Research*. – 2004. – Vol. 30. – R. 540–555.
4. Petty R. E., Brinol P., Loersch C., McCaslin M. J. The need for cognition // In: Leary M. R., Hoyle R. H. (Eds.). *Handbook of individual differences in social behavior*. – New York: Guilford Press, 2009. – R. 318–329.
5. Haugtvedt C. P., Petty R. E., Cacioppo J. T. Need for cognition and advertising: Understanding the role of personality variables in consumer behavior // *Journal of Consumer Psychology*. – 1992. – Vol. 1. – R. 239–260.

6. Petty R. E., Brinol P., Loersch C., McCaslin M. J. The need for cognition // In: Leary M. R., Hoyle R. H. (Eds.). *Handbook of individual differences in social behavior*. – New York: Guilford Press, 2009. – R. 318–329.
7. Shestowsky D., Horowitz L. M. How the Need for Cognition Scale predicts behavior in mock jury deliberations // *Law and Human Behavior*. – 2004. – Vol. 28. – R. 305–337.
8. Tidwell P. S., Sadowski C. J., Pate L. M. Relationships between need for cognition, knowledge, and verbal ability // *Journal of Psychology: Interdisciplinary and Applied*. – 2000. – Vol. 134, №6. – P. 634–644.
9. Ushakov D. V. *Psihologiya intellekta i odarennosti*. – M.: Institut psihologii RAN, 2011. – 464 c.
10. Shebetenko S. A. *Psihometrika russkoj versii shkaly potrebnosti v poznanii* // *Vestnik Permskogo universiteta: Filosofiya. Psihologiya. Sociologiya*. – 2011. – №6. – S. 88–100.
11. Cacioppo J. T., Petty R. E., Kao C. F. The efficient assessment of need for cognition // *Journal of Personality Assessment*. – 1984. – Vol. 48. – R. 306–307.
12. Bogoyavlenskaya M. E. *Psihologiya odarennosti: ponyatie, vidy, problemy*. Vyp. 1. – M.: MIOO, 2005. – 176 s.
13. Carter J. D., Hall J. A., Carney D. R., Rosip J. C. Individual differences in the acceptance of stereotyping // *Journal of Research in Personality*. – 2006. – Vol. 40. – R. 1103–1118.
14. Day E. A., Arthur W. Jr., Gettman D. Need for cognition as a predictor of complex skill acquisition // *Personality and Individual Differences*. – 2007. – Vol. 42. – No. 8. – P. 1395–1407.
15. Epstein S., Pacini R. Some basic issues regarding the dual-process theories from the perspective of cognitive-experiential self-theory // In: Chaiken S., Trope Y. (Eds.). *Dual process theories in social psychology*. – New York: Guilford Press, 1999. – R. 462–482.
16. Miniard P., Bhatla S., Lord K. R., Dickson P. R., Unnava H. R. Picture-based persuasion processes and the moderating role of involvement // *Journal of Consumer Research*. – 1991. – Vol. 18. – R. 92–107.
17. Virdine J. I., Simmons V. N., Brandon T. H. Construction of smoking-relevant risk perception among college students: The influence of need for cognition and message content // *Journal of Applied Social Psychology*. – 2007. – Vol. 37. – R. 91–114.
18. Meier E., Vogt C., Preckel F. Motivational characteristics of students in gifted classes: The pivotal role of need for cognition // *Learning and Individual Differences*. – 2014. – Vol. 33. – R. 39–46.
19. Petty R. E., Tormala Z. L., Rucker D. D. Resisting persuasion by counterarguing: An attitude strength perspective // In: Jost J. T., Banaji M. R., Prentice D. A. (Eds.). *Perspectivism in social psychology*. – Washington, DC: APA, 2004. – R. 37–51.

Авторлар туралы мәлімет:

Борбасова Г.Н. – хат-хабар авторы, PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: gulnur840401@gmail.com

Камзанова А.Т. – PhD, биофизика, биомедицина және нейрғылым кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kamzanova.altynqul@kaznu.kz

Жолдасова М.К. – PhD, Ми институтының ғылыми қызметкері, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: zholdassova@kaznu.kz

Кустубаева А.М. – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, биофизика, биомедицина және нейрғылым кафедрасының меңгерушісі, Ми институтының директоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: almkusto@kaznu.kz

Сведения об авторах:

Борбасова Г.Н. – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: gulnur840401@gmail.com

Камзанова А.Т. – PhD, старший преподаватель кафедры биофизики, биомедицины и нейронаук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: kamzanova.altynqul@kaznu.kz